



Кеше Өзбекстан астанасы Ташкентте Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының кеңейтілген құрамдағы отырысы өтті. Кеңеске Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

25

МАУСЫМ
СЕНІ

2016 жыл
№94-95 (19180-19181)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ www.syrboyi.kz

ШЫҰ: СЫНДАРЛЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАДАМ



Қазақстан Президенті отырысқа қатысушыларға арнаған сөзінде мемлекеттер басшылары кеңесінің бүгінгі басқосуының Шанхай ынтымақтастық ұйымы тарихындағы маңызды даталар тұрғысынан зор мәні бар екенін атап өтті.

– Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан көш-басшыларының 20 жыл бұрынғы кездесуі көптарпты өңірлік жаңа диалогты бастап берді. 2001 жылы ШЫҰ-ны құру туралы декларацияны қабылдау ХХІ ғасырдағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықты

қамтамасыз етудің жаңа жолдарын іздеу барысындағы сындарлы стратегиялық қадам болды, – деді Елбасы.

Мемлекет басшысы барлық қатысушылар мен қонақтарды ШЫҰ-ның 15 жылдығымен құттықтап, ұйымның мерейтойлық саммиті жаһандық сын-кәтерлер мен қауіптің көбейген кезінде өтіп жатқанын атап өтті.

Қазақстан Президенті өз сөзінде 2016-2018 жылдарға арналған «үш зұлмат кәтерімен» күрес жолында ынтымақтау бағдарламасын тиімді іске асыру

ШЫҰ-ның қазіргі сын-кәтерлерге лайықты жауабы бола алатынын айтты.

– Біз ШЫҰ-ның халықаралық терроризмге бірлесе қарсы тұру туралы мәлімдемесін әзірлеп, қабылдауды ұсынамыз. ШЫҰ-ның экстремизммен күрес жөніндегі конвенциясын әзірлеу және қабылдауды өзекті қадам деп білеміз. Діни экстремизмді бейбітшілік исламмен және басқа да діндермен шатастырмау қажет. Биылғы мамырда Қазақстан Нью-Йоркте БҰҰ аясында «Дін бейбітшілік үшін» де-

ген тақырыптағы жоғары деңгейлі диалогқа бастамашылық жасап, Астанада «Дін терроризмге қарсы» атты халықаралық конференция өткізді, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Нұрсұлтан Назарбаев 2017-2022 жылдарға арналған ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің есірткіге қарсы күрес стратегиясының және оның іс-қимыл бағдарламасының қабылданына қолдау білдірді.

– ШЫҰ мен Орта Азиялық өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығының «Есірткіге бірлесе

қарсы тұрамыз» атты бірлескен профилактикалық акциясын өткізуді ұсынамыз, – деді Қазақстан Президенті.

Елбасы ШЫҰ-ға Үндістан мен Пәкістанның кіруі ұйым дамуының жаңа сапалы деңгейге көтерілгенінің, оның халықаралық аренадағы беделі мен ролі арта түскендігінің көрсеткіші екенін атап өтті.

– Болашақта ШЫҰ қатарына Иранның қабылдануы ықтималдығы біздің өзара іс-қимыл мүмкіндіктеріміздің аясын кеңейтеді. Елдердің жаңадан мүшелікке кіретінін ескерсек, ШЫҰ Еуразияның 60 пайыздан астам аумағын, Жер шары тұрғындарының 45 пайызын, әлемдегі 19 пайыздан астам ішкі жалпы өнімді қамтиды. Бір жылдан аса уақыт бұрын ғана мен Бірыңғай Еуразиялық экономикалық кеңістік қалыптастыру бастамасын көтерген едім. Мұндағы негізгі элемент – Еуразияның тораптық орталықтарын Жібек жолының тарихи бағдарларын қайта жаңғырту арқылы инфрақұрылымдық тұрғыдан тоғыстыру, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Бұл ретте Қазақстан Президенті бірқатар бағыттар бойынша ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің күш-жігерін жұмылдыруды, оның ішінде ЕАЭО және Қытайдың «Жібек жолының экономикалық белбеуі» жобасын ұштастыруды ұсынды.

– ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер мен байқаушы мемлекеттерді біріктіретін Еуразиялық транзит-көлік хабын құруды ұсынамын. Қазақстан өз тарапынан «Жібек жолының экономикалық белбеуін» үйлесімді түрде толықтыратын «Нұрлы Жол» инфрақұрылымы дамыту бағдарламасын іске асыруға кірісті. Біз құрған «Астана» халықаралық қаржы

орталығының әлеуетін белсенді түрде пайдаланатын кез келді деп санаймыз. Ол тәуелсіз құқықтық жүйе мен жеңілдетілген салық режимі бар өңірлік қаржылық-инвестициялық хаб болуға тиіс. Өңірдің макроэкономикалық дамуын жеделдету үшін Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің мүмкіндіктерін пайдалану маңызды. Сауда-экономикалық және қаржылық-инвестициялық ынтымақтастықты нығайту болашақта ШЫҰ аясында Еркін сауда аймағын құру үшін қажетті жағдай қалыптастырады, – деді Елбасы.

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев отырысқа қатысушыларды Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ШЫҰ ынтымақтастығының тұжырымдамасы жобасын және іс-қимыл жоспарын әзірлеу бағытында күш-жігерді еселей түсуге шақырды.

– ХХІ ғасырдағы жаһандық тренд «жасыл» экономиканы дамыту болып отыр. Бұл саладағы ынтымақтастықты дамытуға келесі жылдың жазында Астанада «Болашақтың энергиясы» атауымен өтетін «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі қуатты серпін беретін болады. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық қатысушылар мен саммит қонақтарын Астана қаласында өтетін «ЭКСПО-2017» көрмесіне шақырамын, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы өңірлік және халықаралық мәселелерге тоқтала келіп, ШЫҰ-ның сыртқы шекарасы бойында шиеленіс ошақтары сақталып отырғанын айтты.

– Өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде Ауғанстандағы тұрақтылықты қолдаудың зор маңызы бар. Қабулдың жалпылтық диалогты реттеу және саяси реформалар жүргізу

жөніндегі шараларын құптаймыз. Қазақстан ядролық қаруды таратпау туралы келісімге қатысушы ел ретінде КХДР-ның ядролық бағдарламасы жөніндегі алты тараптық келіссөзді жаңғыртуды жақтайды. Жалпы, Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі лауазымына сайланған жағдайда, қауіпсіздікті нығайту мәселелерін белсенді түрде ілгерілетуге ниетті, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету сынды жоғары миссияны Қазақстанның зор жауапкершілікпен қабылдайтынын атап өтті.

– Біз осы жылдары өзбек тарапы жүргізген орасан ауқымды жұмысты жалғастырып, ШЫҰ-ны дамыту мен нығайту, сондай-ақ оның әлемдегі ролі мен беделін арттыру ісіне өз үлесімізді қосу ниетіндеміз. Қазақстан төрағалығының басымдығы бар бағыттары – өңірлік қауіпсіздікті нығайту, экономикалық ынтымақтастықты дамыту, транзит-көлік әлеуетін іске асыру, мәдени және гуманитарлық байланыстарды ілгерілету. Астанада 2017 жылғы 8-9 маусымда өтетін ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының саммиті қорытынды іс-шара болады, – деді Мемлекет басшысы.

Сонында Нұрсұлтан Назарбаев жиналған барлық мемлекеттер басшыларын, қатысушылар мен қонақтарды келесі жылы Қазақстанға шақырды.

Отырыс қорытындысы бойынша ШЫҰ 15 жылдығының Ташкент декларациясы қабылданып, онға тарта құжаттарға қол қойылды.

Сонымен қатар, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы туралы ақпараттық хабарлама қабылданды.

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ



Асқар Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Мерейлі отбасы-2016» байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты шарада сөз алған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жеңімпаздарды арнайы құттықтап, мемлекет тарапынан отбасына көрсетіліп отырған қолдауларға тоқталды.

– Мемлекет тарапынан отбасына жасалып отырған ерекше қамқорлық пен жүйелі көмек әрбір қазақстандықтың өз болашағына деген сенімін күн өткен сайын нығайта түседі. Ана мен баланы қорғауға арналған қаржы, көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар өлшемді жыл сайын өседі. Айта кету керек, ағымдағы жылдың I жартыжылдығы бойынша облысымызда бала туу көрсеткіші

33,5 пайызға өсіп, өңіріміз республика бойынша алдыңғы қатарға шықты. Бір қолымен бекітті, бір қолымен әлемді тербеткен алтын құрсақты аналарымыздың 14 мыңға жуығы «Алтын алқа» белгісімен марапатталса, 12 мыңы «Күміс алқа» иегері атанды. Отбасы – ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда, адам бойындағы асыл қасиеттерді қалыптастыруда рухани-адамгершіліктің бастауы. Сіздер, әрқайсысыларыңыз, өз отбасыларыңызды берік сақтау, өнегелі ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің дамуы мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келесіздер, – деді аймақ басшысы.

«Мерейлі отбасы» конкурсы елімізде отбасы құндылықтарының артуына, бір шаңырақ астында берекелі өмір сүрудің маңыздылығын насихаттауда орны ерекше, өнегелі шараның біріне айналмап келеді. Елбасының бастамасымен 2014 жылы алғаш өткізілген бұл сайыс бүгінде дәстүрге айналды. Үшінші мәрте ұйымдастырылған байқауға жыл сайын қатысушылар саны артып келеді. Өткен жылы өнегелі сайыста 146 отбасы бақ



сынаса, биыл қатысушылар саны 297 жаңаяға жетіп отыр. Айта кетейік, былтыр Айымбетовтар мен Нұрмағанбетовтар отбасы аталған байқаудың жеңімпазы деп танылып, республикалық кезенге жоллама алған болатын. Үстеміздегі жылы байқаудың облыстық кезеңіне

әр ауданнан 4 отбасы жоллама алып, нәтижесінде 32 жаңауың құржаты облыстық комиссияның қарауына ұсынылған еді. Облыстық комиссияның шешімімен 8 отбасы үздік деп танылып, марапатқа не болды.

Марапаттау рәсімінде I орынды Жаңақорған ауданынан келген Сыздықовтар отбасы мен жалағаштық Мұстафаевтар әулеті жеңіп алды. Ал жүлделі II орынға Жалағаш ауданының тұрғыны Сүлейменовтер отбасы мен қармақшылық Құлмырзаевтар отбасы лайық деп танылды. Келесі орынды Шиелі ауданынан келген Ноғайбаевтар жаңуасы мен қызылордалық Әбдірахмановтар отбасы иеленді. Жүлделі орындардан бөлек «Ізгілікті шаңырақ» номинациясымен Сырдария ауданынан келген Жүсіповтер отбасы марапатталса, «Үздік шебер» номинациясына қызылордалық Жақыповтар отбасы тұрақтады.

Аймақ басшысы барлық қатысушыларды құттықтап, дипломдар мен естелік сыйлықтар табыстады. Алдағы уақытта жеңімпаз отбасылар Астана қаласында қыркүйек айында отбасы күніне орай өтетін шараға қатысатын болады. Марапаттау рәсімі мерекелік концертке жалғасты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.



АГРОӨНЕРКӘСІПТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Антаның бейсенбісінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен агроөнеркәсіп кешінен дамытуға қатысты мәжіліс болып өтті. Мәжілісте «Агробизнес-2020» бағдарламасының іске асуы, қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілерге қарсы фитосанитариялық іс-шаралар жайы талқыға салынды. Агроөнеркәсіп кешіні субектілерінің қаржыландыру барысы мен облыстағы эпизоотиялық ахуал жайы тыңдалды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Б.Жақанов, ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешіні мемлекеттік инспекциясы комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Ж.Дүзепбаева, облыстық ветеринария басқармасының басшысы Е.Апиев, «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ облыстық филиалы директорының міндетін атқарушы А.Абдуллаевтар баяндама жасады.

Аймақ басшысы мәжілісте облыс халқының тең жарымынан астамы ауылдық жерде тұратынын, олардың әлуақаты осы саланы дамуына сабақтастық екенін атап көрсетті. Сондай-ақ, ол аграрлық сектордың дамуы Сыр өңірі үшін маңызды болып қала беретініне тоқталып, біртұрақ деректерді жария етті.

– Ағымдағы жылдың қаңтар-мамыр айларында 11,4 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда өсім 3,4% құрады. Ал тамақ өнімдерін өндіру өнеркәсібі бойынша (сусындарды қосқанда) 12,5 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 6,6% құрап отыр. Облыс бойынша өткен жылмен салыстырғанда төрт түлік мал басының саны көбейіп, ет өндіру 4,7 пайызға, сүт өндіру 1,2 пайызға, жұмыртқа 0,4 пайызға өсім қамтамасыз етілді. Егін шаруашылығы бойынша біз биыл күріштің көлемін азайтып, орнына әртараптандыру арқылы майлы және бақша дақылдарын көбейту жөнінде шешім қабылдап, ауылшаруашылық дақылдарын орналастыру сызбасын бекітті. Қазір негізгі дақылдарды егу жұмыстары аяқталды. Бүгінгі күнге барлығы 168,2 мың гектарға ауылшаруашылық дақылдары егілді. Егілген егіс көлемі өткен жылмен (2015 жылы 167,3 мың га) салыстырғанда 884 гектарға артық. Атап өту қажет, күріш егісінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4,4 мың гектарға азайғанымен, басқа дақылдар көлемі артып отыр. Жалпы айтқанда, әртараптандыру бойынша жұмыстарды барлық аудандар орындап шықты, – деді аймақ басшысы.

Сонымен бірге, Қ.Көшербаев өңірде агроөндірістің қарқынды дамуына қарамастан, жағдайдың барлық аудандарда бірдей еместігін назарға салды. Мысалы, үстіміздегі жылы негізгі капиталға инвестиция тарту төмендеуде, инвестициялық жобаларды іске асыруда белсенділік байқалмайды. «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларының көрсеткіштері орындалмай, шаруашылықтар тұқым түрлендіру жұмыстарын өз деңгейінде атқармауда.

Сыр өңірі үшін қазіргі таңда бүферлі аймақтан шығу маңызды мәселе болып отыр. Егер біз ет өнімдерін экспорттауға мүмкіндік туғыза алсақ, агроөндірістің әлеуетін бұрынғыдан да едәуір арттырған болар едік.

Мысалы, осы бағытта облыста екі ірі мал бордақылау алаңдары іске қосылды, алдағы уақытта ет комбинатын салу міндеті тұр.

– Өткен жылдан бастап облыста Қазалы және Сырдария аудандарында екі ірі мал бордақылау алаңдары салынып, облыс орталығында 5 мың тонна ет комбинатын салу жоспарланып отыр. Бұдан басқа Сырдария ауданында қозы етін экспорттауға бағытталған 10 мың бас қой бордақылау кешені, Жаңақорған ауданында 50 мың басқа арналған қой бордақылау алаңы мен 7 мың тонна ет өндіру комбинатын салу жобаларын іске асыру жоспарланып, тиісті жұмыстар атқарылады. Биылғы жо-спар бойынша біз 600 тонна етті экспортқа жіберуіміз қажет. Бұған, жоғарыда атап өткеніміздей, облысымызда барлық мүмкіндіктер жасалған. Алайда, облыстың ауыл аурнына қатысты шектеулі (буферный) аймаққа кіруіне байланысты берілген жоспарды орындау мүмкін болмай отыр, – деген облыс әкімі эпизоотиялық ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, жыл аяғына дейін буферлік аймақтан шығуды ұйымдастыруды сала басшыларына тапсырды.

Аймақта мал шаруашылығының дамуында алға ілгерілеу бар. Мәжілісте төрт түлікті асыдандыру, шаруа қожалықтарына берілетін несиелер жайы сөз болды, кездесетін кедергілер айтылды. «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ облыстық филиалы директорының міндетін атқарушы А.Абдуллаевтың хабарлауынша, облыста ірі қара малына салынатын сырга жетіспейді. Сондай-ақ, жылқы малын таңбалау өз жүйесін таппай отырса, мал өсіргісі келетіндер жайылымдық жерге зәру.

Қазіргі таңда дикан қауымын қауын шыбыны алаңдатып отыр. Еткен еңбек зая кетпес үшін тиісті жұмыстар атқаруға қаржы керек. Аймақ басшысы бұл бағытта дикандарға қажетті көмек жасалатынын жеткізді.

Мәжіліс соңында аймақ басшысы барлық мәселелер бойынша нәтижелі жұмыс жасау керектігін, тапсырмалардың алдағы уақытта қатаң бақылауда болатынын айтты.

Нағымжан САУЯЕВ.

Биыл еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгеніне тура ширек ғасыр толмақшы. Азаттық, еркіндік атауының күлді тіршілік несіне ең киелі ұғым саналатыны ешқандай талас тудырмасы хақ. «Алға қарап пікір ет, кейінге қарап шүкір ет». Осынау аталы сөз қашанда тәубесінен жаңылмайтын қазекен үшін көзіңіз қарашығындай бағалы. Ұлтымыздың салт-дәстүрін жаңға жақын балайтын перзенті ретінде біз де бұл үрдістен жырақ кетпедік. Облыс көлемінде қай саладан болмасын ойып орын алатын Қазалы өңірінің тыныс-тіршілігін қысқаша шолып өтуді жөн санап, аудан әкімі Нәжмадин Шәкізалаұлы Шамұратовты әңгімеге тартқан едік.



ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН БІРГЕ ТҮРЛЕНГЕН ҚАЗАЛЫ

– *Нәке, Алланың разылығын табатын киелі айда жүзделіп отырыңыз. Олай болса, әңгімемізді ауданда қолға алынып жатқан, атқарылуы межеленген ісі шаралардан бастасақ.*

– Өте орынды. Көпшіліктің мәдени шараларға құлшыныс танытуы – аса құптарлық жайт. Ел тәуелсіздігіне 25 жыл толу құрметіне ауданымызда көптеген жұмыстар қолға алынды. Халқымыздың әл-ауқаты, тұрмыс деңгейі жыл өткен сайын жақсаруда. Ертеңгі күнге сенімді артып, үміт оты маздай түсеуде. Баршасы Тәуелсіздіктің сыйы, жақсы дәурдің жоралғысы деп білемін. Енді осы асылдарымызды бағалап, оларды қастерлеу бізге міндет. Осы тұрғыда мерейлі жыл аясында Қазалы ауданында толымды тірліктерді тындыру көзделген еді. Бірқатарына тоқтала кетсем.

Аудан орталығында Тәуелсіздігіміздің құрметіне зәулім монумент орнатылады. Көз тастаған жанның бойына отансүйгіштік сезімді себетін монументтің биіктігі жиырма бес метрді құрайды. Ел арасында адалдықтың үлгісі Бегім ана туралы тағылымды әңгіме көп. Ол жайлы қызықты да мағыналы дерек ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Сондай-ақ Кеңестік солақай саясатқа қарсы қару сермеп, жалпақ жұртқа «Асандар көтерілісі» деген атпен танылған ерлікті дәріптеу – ұрпақ парызы. Осы бағытта Бегім анамыз бен Асандар көтерілісінің құрбандарына ескерткіш қою да жоспарда бар. Оған қоса даңқты қолбасшы Жалантөс баһадүрдің 440 жылдығын кең көлемде атап өту көзделуде. Бабамызға да еңселі ескерткіш салынатын болады.

Мұнан бөлек мерейтойға арнап «25 пайдалы іс» акциясын іске асырмақпыз. Жоспарға сәйкес жыл ішінде жиырма бес нақты іс-шара өткізіледі. Биыл Орта Азия мен Қазақстан жастарының жалынды жетекшісі, жерлесіміз Ғани Мұратбаевтың дүниеге келгеніне 114 жыл толу құрметіне облыстық деңгейде байқау ұйымдастырылады. Белсенді жастар арасында іріктеу жарияланды. Талапкерлер саны өте



көп. Байқау қортындысымен жеңімпаздар арнайы тағайындалған Ғани атындағы сыйлықпен марапатталатын болады. Өңірден шыққан баатырларды, ұлағатты перзенттерді насихаттап-ұлықтау қашанда жалғамызда. Нақты кезеңде «Жеңіс» саябағына орнатылған қазалылық Кеңес одағының баатырлары, Социалистік Еңбек ерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің ескерткіш-биостерті жұртшылықтың қастер

тұтар мекеніне айналды. Оған қоса «Қазалы ауданының энциклопедиясы» тарихи-танымдық кітабын шығару басталып та кетті. Редакциялық алқа құрамы, салалар бойынша жұмысшы тобы, шығармашылық топ бекітілді. Арғы тарихтан бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтитын кітап оқырмандар көңілінен шығуы тиісті.

– *Ауылда өстік. Сол кезеңдегі ең басты тақырып ауыз судың қиындығы еді. Аналарымыздың қар ерітіп, мұзды уатып тіршілік қылатыны әлі есімде. Ал бүгінгі елді мекендердің көрінісі мүлде өзгеше. Бұл төңіректе мәселе шешімін тапқан сынды.*

– Дұрыс пайымдағансыз. Ауданда ауыз су мәселесі жолға қойылып келеді. Алайда алғашқылардың қатарында таза ауыз су барған ауылдар сервистік желіге қосылмаған. Мұнан бірнеше жыл бұрын ЖЖҚ дайындалды. Оның ішінде Бекарыстан би, Түктібаев елді мекендерін сервистік желіге қосу жобасы республикалық бюджеттен қаржыландыруға ұсынылды. Ағымдағы жылы Пірімов, Ақтан батыр ауылын сервистік желіге қосу шешімін тапты. Көшедегі қоғамдық колонкаларды пайдаланып жүрген тұрғындар енді таза ауыз суды үйдің ішінде отырып-ақ тұтына алады. Дәл осындай жұмыс қазір Мұратбаев елді мекенінде де көрініс табуда. Бұл үшін «ҚазСуШПар» ШЖҚ РМҚ-ның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекция-сы филиалының инвестициялық бағдарламалар есебінен қаржы бөлінді. Қалған елді мекендер облыстық бюджеттен қаржыландыруды қажет етеді.

– *Көпір салу сауапты істің бірі екені белгілі. Аудан аумағындағы Әлсейіт өткеліне темірбетон көпір салынса деген сауал*

даны тұрғындарының тұрмыстық жағдайына, тіршілігіне зиянын тигізіп отырғаны жалған емес. Аудан жұртшылығы өзеннен өту үшін осы кезге дейін жеңіл жүктерге арналған пантон- көпірлерді пайдалануға мәжбүр болып келеді. «Әлсейіт» учаскесінен көпір салуды басты назарға алу қажет деп санаймын. Осы өткел арқылы Қазалы, Арал аудандарындағы сегіз елді мекенге, Арал теңізінің батыс беткейіндегі Ақбасты, Құландыға қажетті жүктер, теңіз өнімдерін Қазалы, Байқоныр, Қызылордаға ең қысқа жолмен тасымалдауға болады. «Қарлаң» көпірінің құрылысы САРАТС – 2 жобасының екінші кезеңінің іске асырылуымен тікелей байланысты.

– *«Қарбыз-қауын – жаздай сауын» деген бар. Кезінде Қазалының бау-бақшасының даңқы шартарапқа жайылды. Десе де, бірішама уақыттан бері осынау тіршілікке аса пайдазы шаруа кенжелеп қалғаны ешкімге құпия емес...*

– Бұған дейінгі жылдары бақша, көкөніс, картоп дақылдары тек жеке сектордың үлесінде және көпшілігіне үйіргелік учаскелерде орналасқан болатын. Биылғы жылдан бастап ауыл шаруашылығы құрылымдары осы аталған дақылдарды өндірістік негізде егуге бет бұрды. Барлық ауылдық округтерді аралап шықтым. Түсіндірме жүргізілді. Нәтижесіз емес. Тұрғындардың өндірген артық бақша өнімдерін Ақтөбе облысындағы шаруа



кожалықтарына өткізуге жұмыс жасалауда.

– *Кәсіпкерлік саласындағы жетістіктеріңіз өзгелерге үлгі болғандай. Ендеше осы тұрғыдағы жасағанды жаңалықтармен бөліссеніз...*

– Кәсіпкерлікті дамытуға «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының іске асырылуы өз үлесін қосуда. Бағдарлама аясында 2012 – 2015 жылдар аралығында 20 жоба бойынша екінші деңгейлі банктерден қомақты несие алынып, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы субсидияланды. Аталған жобалармен көптеген жұмыс орындары ашылды. Ағымдағы жылы жеке кәсіпкер М.Есқожаевтың «Күріш өңдеу цехын кеңейту» жобасы аймақтық үйлестіру кеңесінен оң қорытынды иеленіп, «Даму» КДЖ» АҚ арқылы субсидияланды.

Жеке кәсіпкер Төребек Игіліковтің «Балық өнімдерін өндіру, өңдеу» цехы – жағымды жаңалықтың бірі. «Т.Игіліков» шаруа қожалығы біршама жылдан бері балық аулаумен шұғылданып жүр. Ұжымның тоназыту қоймаларында қатырылған, арнайы қаптамаларға салынған балық өнімдері жоғары сұранысқа ие. Осы жоба бойынша «Банк Центр Кредит» АҚ арқылы алынған қомақты несиеге балық өңдеу, сақтау ғимараттары салынды. Тоназытқыштар мен қосымша қондырғылар орнатылды. Өткен жылдан бастап ауқымын кеңейткен цех сүбе дайындауға кіріскен еді. Жоба аясында тағы да ірі көлемде несие алынып, қажетті құрал-жабдықтармен қамтылды. Зауыттың қуаттылығы тәулігіне 5 тонна балық сүбесін әзірлеуге есептелген. Нақты кезеңде шаруа қожалығында көптеген адам еңбек етуде. Өнімдерді экспорттау мақсатында еврокод алуға жұмыстар жүргізілуде.

– *Жаз жайынып, күн күлдіріп оқушылардың тынығатын мезгілі де жетті. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылууда?*

– Жазғы маусымда аудан бойынша 5 мыңнан астам оқушы демалыспен қамтылады. Қазалы қаласындағы «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығында алты ауысым ұйымдастырылады. Барлығы 840 баланы тынықтыру межеленген. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларына қаржы бөлінген. Мектеп жанынан күндізгі тынығу лагерлері жұмыс жасауда. Оқушылардың лагерде болған уақытындағы ыстық тамаққа жергілікті бюджеттен ақша қаралды.

– *Әңгімемізге расмет.*

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

«Сыбаға» мен «Құлан» бағдарламасы аясында асылдандыру бағытында жаңа жобаларды қолға алған шаруашылықтың бірі – Қосшынырау ауылдық округіне қарасты Абай ауылында орналасқан «Арайлым» шаруа қожалығы. Осыдан үш жыл бұрын тірлігін бастаған шаруашылық бүгінде іргесін кеңейтіп, мал басын арттырып, бірнеше тұрғынды жұмыспен қамтып отыр. Шаруашылық жетекшісі Орынбасар Ербаевтың айтуынша, мал басын асылдандырып, жаңа бұдан алуды көздеп отырғанын айтты.

МАЛ БАҚҚАНҒА БІТЕДІ

– «Ағарлық несие корпорациясы» арқылы жеңілдікпен несие алып, түйе, жылқы, сиыр малын сатып алдық. Тек қана мал басын ет бағытында ғана көбейтіп қоймай, оны селекциялық жолмен асылдандыруды мақсат етіп отырмыз. Ол үшін «Мұғалжар жылқы» тұқымын, түркімендік «Аруана» түйе тұқымын және өзіміздің ет бағытындағы «Ақбас» бұқаларын жөліп жергілікті малмен бұдандастырып жатырмыз. Нәтижесін алдағы уақытта білетін боласыздар, - дейді шаруа қожалығының иесі.

Шаруашылықтың жайлауында 6 адам жұмыс істеп жатыр. Төрт түліктің тілін білетін малшылар Қарақалпақстаннан келген қандастарымыз екен. Малдың жайын білетін жандар шұбат, қымыз, сүт өндіріп, қала халқын қамтамасыз етіп отыр.

Сонымен қатар, шаруа қожалығының қала шетінде мал бордақылау алаңы бар. Саяққа шыққан жылқыларды 40-90 күн арасында жемге байлап, қала базарына қолжетімді бағала халыққа ұсынып отыр. Мал азығын сырттан сатып алмас үшін қожалық биыл егін шаруашылығын да қолға алып, 55 гектар жерге күріш, 58 гектарға жоңышқа



егіп, күтуде. Егін шаруашылығында қосымша он шақты маман жұмыс істейді. Қазіргі күні жоңышқаның алғашқы орылымы жиналып, күріш қалдығынан мал азығына пайдалануды жоспарлап отыр. Шаруашылық басшысы болашақта ет, сүт, шұбат өнімдерімен қала халқын қамтамасыз етуді көздеп отырғанын, сонымен қатар мал басын асылдандыруды мақсат ететінін жеткізді.

«Мал баққанға бітеді» демекші бүгінде шаруашылық иелігінде 235 бас ірі қара, 317 бас жылқы және жүзден астам түйе малы өсірілуде.

Қожалық 2014 жылы асыл тұқымды мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі және сапасын арттыруды субсидиялау бойынша мемлекеттен 7820 мың теңге субсидия алса, былтыр 25 бас асыл тұқымды жылқы сатып алып, мемлекеттен 1 млн және шарындар және ірі азықты субсидиялау бойынша 1410,4 мың теңге субсидия алған. Биылғы жылы да «Арайлым» шаруа қожалығы мемлекеттен қолдау тапты.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.
Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.



● КӘСІПТІҢ КӨЗІН ТАПҚАНДАР

ТІГІНШІЛЕР ШЕБЕРХАНАСЫ

Гүлмира, Меруерт, Лимарта, Нұргүл, Несібелі, Тоғжан-ай!.. Ғарифолла Құрманғалиев ағамыз шырақтайын әйгілі он алты қыз әнндегідей, бұл қыздардың саны он алтыға толмады, алтысымен шектелгендей... әзірге. Дегенде, қыздардың жүрген жері күлкі мен көңілді орта емес пе, олар жүрген жерде жылылық пен шуақ бар. Тоғжан бастаған нәзікжандылардың бойында кәсібімізді тыңғалықты атқарып, онан әрі жетілдіре түссек деген ынта мол.

Адамның бір қасиеті – қашанда жайлылыққа тез үйреніп, сол қалыптан шыққасы келмей жүріңкіреп қалатыны бар, осы уақыт аралығында біраз білгеннен жаңылып, тоқыраңқырап та қалады. Сондықтан да қашанда әрекет үстіндегі, ізденіс барысындағылар қиындықтан шығып, табысқа жетіп, бейпіл өмірге кенелетін көрінеді. Мұны психолог мамандардың пікірлеріне сүйеніп айтып отырмыз, солай шығар...

Жоғарыда аттарғы аталған Гүлмира, Меруерт, Лимарта, Нұргүл, Несібелілердің топ басшысы – Тоғжан есімді тігін шебері. Өткен жылы ғана жаңа жұмыс орнын ашқан тігіншілер цехы қазіргі кезде Шиеліде жан-жақты танылып та қалды. Іскер жандар өз жұмыстарының қырсырын терең меңгеріп, тапсырыс берушілердің көңілінен шығып келеді. Олар осы салаға қатысты қызметтің барлық түрін ұсына алады. Мәселен, көйлектердің түр-түрін тігу, оларды денеге қонымды етіп, қайта жөндеу, жаңа үлгідегі перделер тігу, ұзатылатын қыз жасауы мен әшекейлі киімдері, ер кісілер үшін костюм-шалбар, сырт киімдер тігу, қайта жөндеу жұмыстары – бәрі де жөн-жобасымен өз мерзімінде атқарылып жатады. Бұл тігін цехына жеке кәсіпкерлерден де түрлі тапсырыстар түседі. Қонақ үйлерге, мейрамхана қызметкерлеріне арналған киім үлгілерін тігіп беру секілді сұраныстар бар. Тіп-томалақты басқартыпн асаба жігіттер де мұнда бас сұғып, өз қалауларына сай киім үлгілеріне тапсырыс береді.

Тігін цехының меңгерушісі Тоғжан Мұсаева әуеліде мұғалімдікті қалап, сол оқуға түскенімен, өмір соқпағымен тігіншілікті жолдас етті. Анасынан жастайынан тігіншілікті үйренген ол мектеп қабырғасында оқып жүргенінде-ақ тігіс тігуге маманданып қалған-ды.



Бастапқыда әуесқойлықпен басталған бұл істің келе-келе сүйікті ісіне айналғанын өзі де кейіннен анағарса керек. Бұл ісінен ерекше ләззат алады. Машинада іс тігіп отырып, кейде ән шығарған сазгердей сезініп кететіні бар. Несі бар, бұл да шығармашылыққа тән нәрсе ғой. Қазіргі нарық заманында бұл кәсібі отбасының нәсібіне айналып отыр. Шиелі кентінің орталық базары манындағы «Актөре» сауда орталығының кең бір бөлмесін жалға алған. Алдағы уақыттарда бұл істерін кеңейту жоспарында бар.

– Сапалы жұмысқа қашанда сұраныс барын анағардық. Сондықтан оны өрістетуден ерінбейміз. Мемлекетіміз өз кәсібін бастаушыларға кең қолдау танытып отыр. Ерінбей еңбек еткеннің жолы болады, ісі алға басады. Осы бағытта өз жұмыстарымызды жалғастыра беретін боламыз, – дейді біздің кейіпкеріміз нық сөйлеп.

Иә, әрекет бар жерде, берекет те қашық емес. Шаруаларының шалқи беруі, әрине, ауызбірлік пен адал еңбек ете білуінде.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

● ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІС

АРПАНЫҢ ЖАҢА СОРТЫ СЫНАҚТАН ӨТУДЕ

Ауыл шаруашылығы саласынан жағымды жаңалық. Өңірімізде «Алтын арай» атауымен арпаның жаңа сорты сынақтан өтуде. Ғалымдардың көп жылғы еңбегінің нәтижесі жуырда БҰҰ Даму бағдарламасының мамандарына таныстырылды.

Арпа, бидай, сұлының жаңа сорттарын шығаруда Ы. Жақасев атындағы қазақ күріші шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының ғалымдары тұнбай еңбек етіп келеді. Мәселен, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Лаура Тохетова 9 жылдан бері алты қатарлы ариадан бұдандастыру арқылы жаңа сорт шығарды. Негізгі елімізде екі қатарлы арпа кен тараған.

Жаңа сорттын гектарынан 50-55 центнерден өнім алуға болады. Айта кетерлігі, күріш алқабының орнына егілгендіктен арпа суарылмайды. Топырақтың ылғалдылығымен өседі. Ғалым бұны мемлекеттік сорт сынау сараптамасына жіберіп, нәтижесін күтуде. Жалпы, зерттеу институтының мамандары соңғы он жылда 4 арпа сортын тәжірибеге енгізді.

Суды үнемдеп, жер құнарлығын сақтап, өнімділікті арттыру үшін әртараптандыруға бетбұрыс жасап жатқан ғалымдар мен шаруалар соңғы екі-үш жылда бұл мәселеге ден қоя бастады. Дегенмен, әлі күнге басым бөлігі ауыспалы егіске тек жоңышқа егумен шектеліп келеді.

Сондай-ақ, зерттеу институты күрішті тамшылатып суару тәжірибесін және өнімдерді жер астынан ылғалдандыру технологиясын қолға алуда. Оң нәтижесін беріп жатса, бұл тәсілді шаруа қожалықтары қолданисқа енгізеді. Яғни, бұл жаңа бастамалардың барлығы су ресурсын үнемдеп, жердің құнарлығын арттыру бағытында жасалып жатқан жұмыстар.

Н.САҒАТУЛЫ.





ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ – 1999 ЖЫЛ

1999 жылдың алғашқы онкүндігі ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауымен, сайлау науқанының өтуімен және оның Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басым жеңісімен аяқталған сайлау нәтижелерін жариялаумен басталды.

5 қаңтар күні Алматыда Республика алаңында Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткер Н.Назарбаевтың кандидатурасын қолдау жөніндегі Алматы қалалық штабының және “Қазақстанның болашағы үшін” жастар

ынша Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы” Конституциялық Заң күші бар Жарлығының 12, 66-баптарына сәйкес Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының Президенті ретінде Нұрсұлтан Назарбаевты тіркеді. Қайта сайланған Елбасы Н.Назарбаевтың өз қызметіне кірісу рәсімі 20 қаңтарда Астанада өтті.

1999 жылы 1 наурызда Алматыда Қазақстан Президентітігіне кандидат Н.Назарбаевты

анықталды, екінші турдан 44 депутат өтті. Бұрынғы Мәжіліс депутаттарының 18-і қайта сайланды.

1999 жылдың соңында ел тұтастығына қауіп төндіруге әрекеттенген топтың іс-қимылы әшкере болды. Қазақстан территориясы мен оның тыныштығына, тұрақтылығына сына қақпашы болғандардың кездесуі кездейсоқ жағдай еместін. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап-ақ бұндай әрекеттерге бұруға талпыныс жасағандар да кездескен еді. Бірақ, Елбасының саликалы саясаты мен алысты көре білгендігінен де бұндай әрекеттерге жол берілмеген еді.

1999 жылдың 23 желтоқсанда Алматыдағы “Достық” үйінде “XXI ғасырға рухани келісіммен” атты «дөңгелек үстел» өтті. «Дөңгелек үстелге» қатысушылар Қазақстан азаматтарына Үндеу қабылдап, барлық саяси, діни, жастар және ұлттық-мәдени бірлестіктерді, елдегі келісімді нығайту мен ауызбіршілікке қол жеткізу жолындағы Елбасы Н.Назарбаевтың күш-жігерін, жасампаздық ісі мен ізгі ниетін қолдауға шақырды.

Үндеуге саяси және діни қызбалыққа жол бермеу еліміздегі тұрақтылық пен бейбітшілікті бұзуға әрекеттенген кез келген жағдайдағы жікшілдік күштердің қызметіне тосқауыл қоюға бел шешкенімізді айғақтайтын нақты қадам болып табылады деп көрсетілді.

Тәуелсіздікті алу мен оны нығайту жылдарында Қазақ елі елдегі тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді сақтай алады. Ядролық қарудан өз еркімен бас тарту арқылы да Қазақстан мемлекеті өзінің сыртқы саясаттағы бейбітшіл ұстанымын бүкіл әлемге жария етті, басқа аймақтарда болып жатқан дау-жанжалдарға, текетірестерге алаңдатушылығын білдірді.

Жаңа ғасырдың басталуымен бірге Қазақстан мемлекеті өзінің бейбітшіл ел екенін, әлемнің басқа өңірлеріндегі тұрақсыздыққа да бей-жай қарамайтындығын танытты.


М.Мұхамедов пен Б.Сырымбетұлының “Тәуелсіздіктің он сегіз асуы: құлбыраудан өрлеуге дейін” кітабынан.

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙНА – 100 ЖЫЛ

1999 жылы Қазақстанда мұнай өндіріле бастағанына 100 жыл толды. Оңтүстік Торғай инінде геологиялық барлау жұмыстары жетпісінші жылдардың басында басталды. 1984 жылы “Құмкөл” мұнай кен орнын игеруге ден қойылды. Осы аймақта “қара алтын” өндіру ісінің барлық алғышарттары ескерілді. Сол тұстағы облыс басшысы Еркін Әуелбековтің Мәскеудегі біраз құзырлы мекемелер табалдырығын тоздырып, кенішті игеру-

“ҚАРА АЛТЫНҒА” – БІР ҒАСЫР

ге күш салғаны тарихтан белгілі. КСРО мұнай өнеркәсібі мен Министрлер кабинеті арасын жол қылғаны, жанкештілігінің арқасында “Құмкөл” кеніші ашылған-ды. Кеніште 1986 жылдың алғашқы жартысында 33 скважина қазылды, оның 28-нен мұнай көзі табылды. Әсіресе “Арысқұмдағы” 140 шаршы метрді алып жатқан аумақтағы 2 скважинадан тәулігіне 180-480 мың текше метр көлемінде газ алынған. Алдын ала жасалған болжам бойынша ондағы газ мөлшері 30-35 млрд текше метр деп есеп-



телді. 1987 жылы 14 қарашада облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Е.Әуелбеков партия шаруашылық активінде сөйлеген сөзінде “Құмкөл” кеніші бойынша ілгері басушылық байқалатынын атап өтті. Аймақтан 1989 жылы алғашқы “қара алтын” өндірілетін айтты.

Облыста 1988 жылы “Оңтүстікмұнайгаз”


акционерлік қоғамы өз алдына дербес мекеме болып құрылды. 4 тораптық станок іске қосылып, 57 ұңғы қазылды. 800 жұмысшыға арналып жұмысшылар қонысы бой көтерді. 1990 жылдың 9 мамырында кеніште алғашқы мұнай атқылды. 1996 жылдан бастап “Құмкөлмұнай” кенішін игеруге шетелдік инвесторлар келе бастады. Канадалық “Харрикейн” компаниясы мұнай кенішін өз қолдарына алды. Келісімшарт бойынша олар облыстың әлеуметтік инфрақұрылымын өркендетуге 2002 жылдың аяғына дейін 280 млн АҚШ долларын ендіруді міндетіне

алған болатын. Осы мақсатқа орай 1997 жылы 62 млн, өткен жылы 97 млн доллар инвестиция ендірілді. Бұл – межелеген мөлшерден едәуір артық. “Харрикейн-Құмкөлмұнай” компаниясы дағдарыстан шығудың кешенді бағдарламасын жасады. Оның мақсаты – Қазақстанның халықаралық рынокта бәсекеге түсуге қабілетті болуы, өз акционерлерінің мүдделеріне сай қызмет жасай алатын осы заманға лайық компания құру. Соңғы уақытта қолденең кездескен кей қиындықтарға қарамастан, бұл акционерлік қоғам толыққанды өмір сүріп жатыр. «Құмкөл» кенішінде жалпы саны 18 топтық қондырғы бар, олар қажетті құрал-жабдықтармен толық жарақтандырылған. Шымкент зауытына тәулігіне 12-12,5 мың тонна мұнай жөнелтіледі.

Жапан далала, “Арысқұмның” бойында оншақты жыл көлемінде 45 гектар аумақты алып, жасыл желекке бөленген мұнайшылар қалашығы пайда болды. Мұнда жатақханалар мен кеңселер, асханалар, мәдениет үйі, спорт зал, демалыс орны бар, олардың жанында саялы, жеміс ағаштарынан бөлек әсем гүлзарлар отырғызылған. Оларға қажетті су қалашық төңірегіндегі жер астынадағы бес ұңғымадан алынады. Қалашықтың шығыс жақ бетіне мықты жасыл белдеу жасалынып, жағажай жасалған, онда балық та өсіріледі.

Облыс көлеміндегі “Харрикейн-Құмкөлмұнай”, “Құмкөл-Лукойл”, “Қазгермұнай” компаниялары мен “Қазгермұнай” бірлескен кәсіпорындары кездескен қиындықтарға қарамай жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға өзіндік үлес қосып келеді. Қазақстан мұнайының 100 жылдық мерекесі қарсаңында “Құмкөл» мұнайының 15 млн тоннасы өндірілді.

● КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН



Арал тартылған тұста теңізде балық түрлері күрт кемігенін, тұзды суға шыдамды қамбала – глоссо ғана қалғанын байырғы балықшылар жақсы біледі.

Солардың санатындағы «Қамыстыбас балық питомнигі» РМҚК жалпақ жұртты сансыратқан тоқырау жылдарында елеулі қиындықтарды басынан кешірді. Еңбек өнімділігі күрт азайды. Ұжым мүшелерінің айлар бойы жалақы алмаған сәттері де кездесті. Сананы тұрмыс билейтіні тағы рас. «Қамыстыбас» балық питомнигі бүгінгі күнге дейін түрлі ведомстволарға бағынышты

болып, құрылымы сан өзгерді. Десе де, қандай жағдай болмасын, жұмысын тоқтатқан жоқ. Өз кәсібіне жан-тәнімен берілген қайсар рухты жандар алдағы күнге деген үміттерін үзбеді. Сенімдерін жоғалтпады. Ақыры армандары жүзеге асты.

Елбасымыздың тікелей қолдауымен Қоқарал бөтетінің салынуы арқасында Кіші Аралдың тұздылығы төмендегенінен, Сырдарияның су өткізу жағдайы жақсарғандығынан төрткүл әлем хабардар. Сол игі қадам «Қамыстыбас» балық питомнигіне де оң септігін тигізді. Бүгінгі таңда питомниктің тынысы күн санап дамып, арнасы кеңейіп келеді. Кәсіп берекелі болсын, балықшы қауым.

2005 жылдың сәуірі Қосжар ауылы тұрғындарының есінде ұмытылмастай сақталып қалды. Айдының жел тербеген Қамбаш көлі, тура толқын бетіне төселген қарағай тақтайлардың үстіне тігілген ақ шаңқан киіз үйлер, жағалауда иін тірескен халық, қаз-қатар

асылған қазандардан жеткен тәтті тағамдардың иісі, көкке шарықтаған әсем әуен Қосжарда ерекше шара өтерін білдіртеді. Расымен де, солай өрбіді. Зеңгір аспанды қақ жара ұшқан

күміс түстес қос тікұшақ арнаулы орынға келіп қонғанда көпшілік теңіздей толқиды. Қабырғалы қауыммен емен-жарқын амандасып, хал-ахуал сұрасқан Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев

ҚҰЛДЫРАУДАН ҚИЯҒА КӨТЕРІЛГЕН КӘСІПОРЫН



«Қамыстыбас» балық питомнигінің жұмысымен танысты. Осында өсіріліп жатқан бекіре балығын сырғалап, өз қолымен Қамбаш көліне жіберді. «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады»

деп ұғынатын қазекең мұны жақсы жоралғыға балаған еді. Қателеспепті. Көптің тілегі текке кетпеді. Ұзамай қарқынды тірлікке жол ашылды. Балық шабақтарының саны аса жоғары деңгейде көбейді.

«Кіші Аралда және Арал аймағында орналасқан су айдындарында ихтиофаунаның пайда болуына әрекет ететін тек қана «Қамыстыбас» балық питомнигі болып табылады. Қазіргі таңда 20-дан астам балық түрлері қайта қалпына келді. Тұқы, көксерке, табан, торта, өзге де балықтар өндірістік қуатты мөлшерге дейін жеткізілді» деседі білетіндер.

Солай да шығар. «Қамыстыбас» балық питомнигінің құрамында «Қосжар», «Тастақ» бөлімшесі бар. Осынау қос бөлімше 263 гектар әртүрлі мақсаттығы балық өсіру тоғандарын қамтиды. Оның ішінде 230 гектары жайылым тоғандарына қарастырылған. Қосжар мен Тастақ тұрғындарының нәпақасын ажыратып, отбасын асырап отырған мекен десек, жалған емес.

Жуырда осындағы ағайынның жүрегін май ішкендей кіпкілдеткен түйткіл шешімін тапты.

«Мемлекеттік кәсіпорындар жекешелендіруге беріледі» деген күннен бастап алаңдандардың күпті көңілі орнықты. Облыс, аудан әкімдерінің араласуымен жоғары орындар мекемені мемлекет қарамағында қалдырды. Бұл үшін ел ағаларына айтар алғысымыз шексіз» деген дерек бізді де қуанышка бөледі.

Өткенсіз келешек жоқтығы әммеге аян. Орайы түскенде «Қамыстыбас» балық питомнигінің тарихын көпшілік назарына ұсынсақ. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының орта шенінде (нақтысы 1966 жылдың 5 наурызы) Арал балық комбинатының директоры Х.Мусағалиевтың бұйрығымен құрылып, БөгенММС-ның құрамына берілген кәсіпорынның директорлығына Қали Кумаров, балық өсіру жөніндегі орынбасары болып Жарасқан Әбілов атты азаматтар тағайындалыпты. Қандай істі де бастап кету оңайға түспейді. Алғашқы жылы балық өсіру тоғандары толық дайын болмауы себепті төрт тоғанға балық өсірілген екен. Келесі жылы жұмысы қарқындаған ұжым Түркіменстанның Қараметнияз тоған шаруашылығынан өсімдік қоректі ақ амур, дөңмаңдай балығының личинкасын әкелініп, өсіруге көлге жіберілді. Міне, сонан бері «Қамыстыбас» балық питомнигі сан белестерді бағындырды. Облыс аймағындағы мемлекеттік тапсырыспен Арал өңірінің, Сырдарияның төменгі құйылысындағы балық аулау кәсіпшілігіне ыңғайлы табиғи су қоймалары мен көлдерді балықтандыру мәселесімен айналысатын мекеме саналады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал ауданы.

ҚҰЖАТ

www.syrboyi.kz

Еліне пайдасы тиген ерлерді айтмасаң, ертеңгі бозбала бордай үгіліп өз жерінде өгей бала болады
Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы.

Жарық дүние деп аталатын жалғанда адам болып оңай туғанмен, өмір бойы адам болып өту оңай емес. Өмірдің сан қилы сынағы мен өткелдерінен сыр алдырмай өту – екінің бірінің, сегіздің сынарының ғана қолынан келетін ерлікке бергісті құбылыс.

Өмір – дүние дегенің ағып жатқан су екен, жүрген тұрған жұмысың ойлап тұрсаң у екен, – деп бұрынғы өткен бабаларымыз бекер қапаланбаған. Иә, адамға өмір – сынақ. Тек қиындықта ғана емес, басына бақ қонғанда да сыналады. Адамның біразы пенделшілікпен сол сынинан өте алмай, барар жеріне жете алмай орта жолда не сүрінеді, не бүлінеді, не омақаса құлайды.

Жігіттің мұрты кебер мақтанарда, Желігер өзіне өзі дақ саларда. Адамға керелдеген мінез бітер, Бақ-деулет, бастан бақыт шайқаларда, –



ізгіліктен жаралған жанның ғана қолынан келетін игілігі іс болса, Зейнолла аға дәл осындай бағаға лайық жан еді.

Сырты нұрлы, іші сырлы, адал еңбегімен еліне жаққан ақ ниетті ағамыз өмірдегі серігі – Баласа жеңгемізбен жарасымды ғұмыр кешті. Отбасының ұйытқысы, берекесі мен шапағатын кім де болса әйел анадан көреді. Үйдегі жылылық әйелге байланысты. «Үзәрі жақсы – хан жақсы, әйелі жақсы – ер жақсы» деген гой халық. Баласа жеңгеміз ағамызды сыйлап, еліне сыйлы да етті, елін сыйлап тәрбиелілігін көрсетті. Ағамыздың киіміне қыл жұққызбайтын, қай кезде келсе де дастарханы жаюлы болды, асының дәмі тіл үйретін. Басқа тамактарытытты былай қойғанда, шағын кесеге оймақтай етіп қана құтыян, қаймақ қосылған, тіл үйретін шайын айтсайшы. Абсын-ажындарымен де тату болды. Ағамыздың басты бапкері болатын жеңгеміз оның жұмысты алаңсыз атқаруына, жұрт алдында жарқын жүрінуі үлес қосты. «Әсет – атадан болса, қасиет – анадан» дегенді, балалар тәрбиесіне де атсалысты. Балаларым – базарым деп, Жартушы сыйлаған ұрпақтарын екеуі аяқ есірді. Құлжан, Жәніс, Нұрғұл, Серік, Жанат, Асанұлы үл – ұрпақ, қыз – өріс деген салт-дәстүрмен тәрбиелді.

Отбасында жақсы еке болмаса, балаға ешқандай ұстаз жақсы тәлім-тәрбие бере алмайды. Өке тезінен өткен перзент ғана өмір мектебіне сіңісіп кете алады. Балалары жақсы оқып тәрбиелі болды, ата-на мәртебесіне қылау түсірмеді. «Өке көрген ок жақпар, іпеше көрген тоң пішер» дегенді, оқушылар ата-ана қабағына қарап отыр. Өмірден өз жолдарын дұрыс таңдай алды, сол жолмен өсіп-жетілді, беймәреңге қарай мамандық алды. Қазір олар бір-бір отбасы, өздері де ата-ана.

Өзінің ғана емес, баланы елге жанашырлығын аямаған адал жанның өмір жолын әркім өз бішінен, жүрек сүзгісінен өткізсе қар, алайда бір төрсе аяң – әрдайым көкірек сарайын таза ұстаған, мансабына малданбаған, тіршілік дос-досында бірде ұтып, бірде ұтылғанына шүкіршілік еткен, өзгенін парасат болмысымен адал жолдан айнамаған мәрттігі.

Адамның адам болмағы өскен, еңбек еткен ортасына да байланысты. Өмір көптен қызық. Осы күнгі үлкендер: «Бала кезімде бауырмалдық басым еді, үлкендердің рахымы мол болатын, адамдар қайырымды еді. Біздің ұрпақ алдымдыдағы ағалардың адамгершілік қасиеттеріне қанып өсті, ашық пен жоқтықтың, жетімдіктің орнын осындай кісілік толтырған еді. Өзінен кейінгі ұрпақты игілікке, ізгілікке бастаған сол кісілердің азаматтық шапағаты еді», – деп сүйсіне әңгімелейді.

Зейнолла аға да адалдық бәйгесіне ат қосып, оза да олжалы, қалса да олжалы болып, масайрап отыратын осындай ағ ұрпақ өкілінің бір болды. Даяул соқса – пана, күн түссе сая болған қалың орман ардақты ағалар қатары селдірей бастағаны көңілге мұң ұялатады, әрине. «Дүние – үлкен көл, замана – соққан жел» деген Абай атамыздың айтпақшы болғаны да осы гой.

Табиғат мәңгілік ештене жоқ. Табиғат маусымы ретімен қалай ауысып отырса, адам да солай: үлкендері өмірден озып, жала жақ ұрпақпен қанарып отырады. Алайда, олардың соңында із қалады. Заманымыздың талантты жазушысы Ғабит Мүсірепов ұрпақтар сабақтастығын: «Ата – карт тәжірібе бұрынғы күн. Өке – кеше мен бүгін. Бала – бүгін мен ертеңгі күн. Немере – запас. Тіршілік ешнәрсені ұмытпаған», деп суреттегеніндей Зейнолла ағаның немересі Нұрділда Ораз бүгінде карт тәжірібе – атасын ұлықтауда. Ұрпағы қалды, көз қалды деген осы.

«Кім келіп, бұл өмірден кім кетпеген, Кім қалар, ажал, шіркін, іңдетпеген? Өмірден талай манғаз өтпеді ме

Адамдық ар-намысын кірлетпеген», – деп ақын жырлағандай, бас-аяғы бір-ақ тұтам қысқа ғұмырды ар-намысына кір шалдырмай манғаз жүріп өткен, елінің есінде қалған абыз аға Зейнолла Оразұлы осындай жан болатын.

Жұпарқұл ИМАНБАЕВА,
білім саласының ардагері.

кеңесін алдымен өзі орындайды, әділдікті жақтайды, жаныдағы жандардың қателігіне кешіріммен қарайды», – деген орыстың атақты жазушысы Лев Толстойдың сөзін бейнәбір жадына хаттап алғандай еді, қайран аға.

Жүрегі жақсы ниетке толы, ешқашан тіршілік шығаланыңа қызықпаған, қунаса, түгел ақтарылатын аңқыдаған аккордл жан Қармақшы аудандық мекемелерінде басылық қызмет атқарып, дәтірібе жинақтап, жұртқа сөзін өткізер ағалық жасқа тағянда туган ауылына келіп ат басын тірелі. Сол кездегі Қармақшы шаруашылығының сан сала-ла жұмысының бір пұшағын иығына арты. Қиындыққа мойымайтын қайсар да, жігерлі башы қайнаған істің ортасынан табылатын. Құндысікті қайталанатын іш пыстырар жұмыс кезінде қарамағындағы жұмысшылардың көңілін көтеріп тастайтын әзіл-қалжыңы да өзіне жарасымды болатын. Әсіресе маа көшіру, толдету науқандарында небір қабақ түйдіретін сөзтерде әзіл әңгімелермен рухтандырып. Отырған жері – кішігірім театр болатын. Қошымнаың Омары, Көпешбайдың Ысқағы, Төреәлінің Әділ сынды қатарластарымен әзіл-қалжындары шағын спектакль сияқты болатын. Жиенбіз деп Құдайберген аға мен Исғайлы да мазз бермейтін. Олар барлығы сөз жарыстырып, қалжыңдасқанда бір жасап қалатын еді. Қысқасы, даңамен данаша, баламен балаша сөйлесетін. Ешкімнің көңілін қалдырғысы келмейтін.

Мінезі ашық, көңілді еді. Адам жатырмамайтын. Жұмыста да, тұрмыс-тіршілікте де қамқор болатын. Үлкенге де, кішіге де жанашыр, абзал аға еңбегімен де, ақелен қамқор көңілмен де елге сыйлы болды. Он бойында имандылық, ілтипат, әдептілік ұя салған жан еді. Ұқыпты киінін, таза жүретін. Жұмысшыларына, қатарларына мәдениеттіліктің үлгісін ұсынатын. Дастархан басында, жұрт жиналған жерлерде халықтың салт-дәстүрі жайлы тәрбиелік мәні бар салт-халы әңгімелер айтатын. Сөзге шебер болатын, даусы да жағымды болаңдықтаң көпшілік ұйып тыңайтын. Саяхат, еңбек ету, қоғамдық өмір, тәртіп жайлы айтқан әңгімелері жұмысшылардың рухани өсуіне, саяси сауатты болуына, тәртіп ережелерін меңгерулеріне септігін жеткізген ақиқат. «Келешек жастардікі, жастар білім мен еңбекті қатар меңгерулері тиіс», – деп ел болашағын ойлай сөйлейтін абзал аға. Ата-аналар комитетінің мүшесі ретінде мектеп пен ата-ана, жұртшылық қарым-қатынасының мықты көпірі болды десе, артық айтылмаған.

Бауырлар жан ағайын, туыс арасын жалғап отыратын, анау-мынауын киноластырып, жылдыастырып жіберетін, елдестіріп отыратын елшілігі болатын. Адамдардың арасын жалғау – жан дүниесі

